


БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

16.05.19 № 399

Мектепке дейінгі ұйымдарда
даму мүмкіндігі шектеулі балаларға
арналған арнайы коррекциялық
топтарды ашу туралы



Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және «Арнайы балабақшалар қызметінің үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2019 жылдың маусым айынан бастап мектепке дейінгі ұйымдарда даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы коррекциялық топтар мынадай тәртіппен ашылсын:

-психикалық дамуы тежелген және эмоциялық-ерік аясының бұзылыстары психикалық даму тежелісімен үйлесетін аутистикалық спектрлік бұзылыстары бар балаларға арналған топтар –

№1 «Бәйтерек» (№2 корпус) - 1 топ (12 бала), оқыту тілі – қазақ тілінде;

№2 «Батыр» - 1 топ (12 бала), оқыту тілі – орыс тілінде;

№5 «Ақбота» - 1 топ (12 бала), оқыту тілі – қазақ тілі;

№8 «Думан» - 1 топ (12 бала), оқыту тілі – орыс тілінде;

№ 14 «Ақбөпе» - 1 топ (12 бала), оқыту тілі – орыс тілінде;

№ 33 «Алтын дән» - 1 топ (12 бала), оқыту тілі – қазақ тілінде;

№ 55 «Қаракат» - 2 топ (24 бала), оқыту тілі – қазақ тілінде;

№69 «Еркемай» - 1 топ (12 бала), оқыту тілі – орыс тілінде;

№ 70 «Құлыншак» - 1 топ (12 бала), оқыту тілі – қазақ тілінде.

- балалардың сөйлеу қабілетінің ауыр тежелуі бар балаларға арналған

топ –

№ 10 «Бөбек» - 1 топ (12 бала), оқыту тілі – орыс тілінде;

№34 «Ақбидай» - 1 топ (12 бала), оқыту тілі – орыс тілінде.

- «Дауна» синдромы бар балаларға арналған коррекциялық топ –

№ 25 «Таңшолпан» - 1 топ (12 бала), оқыту тілі – қазақ тілінде.

2. №1 «Бәйтерек» (Г.К.Бектурғанова), №2 «Батыр» (Г.А.Ильясова),
№5 «Ақбота» (Ж.Ж.Махмұтова), №8 «Думан» (Р.З.Дүйсембина), №10 «Бөбек»
(Б.И.Исақызы), № 14 «Ақбөпе» (Г.У.Джусупова), №25 «Таңшолпан» (Р.Г.Кушибаева),
№33 «Алтын дән» (А.Е.Кенесова), №34 «Ақбидай» (Н.А.Бадакова),
№55 «Қаракат» (М.Ж. Күдайбергенова), №69 «Еркемай» (А.А.Райымқұлова).

0000227


№70 «Құлыншак» (Ж.Б.Бекжанова) мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысына сәйкес арнайы коррекциялық топтардың қызметі үшін жағдай жасасын және «Арнайы балабақшалар қызметінің үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығына сәйкес айрықша білім беру қажеттіліктері бар балалармен қажетті психологиялық-педагогикалық түзету жұмыстарын жүзеге асыру үшін штат кестесіне маман бірліктерін енгізсін.

3. Экономика және жоспарлау бөлімі (Г. Бейсенбекова) штат кестесін қарастырсын, «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес басшылар мен мамандарға қажетті қосымша ақылар мен үстемақылар көзделсін.

4. Әкімшілік-құқық бөлімі (Ж. Кулушпаева) даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы коррекциялық топтардың ашылуына байланысты жоғарыда аталған мектепке дейінгі ұйымдардың Жарғысына қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Б.К. Сматаеваға жүктелсін.

Нұр-Сұлтан қаласының
Білім басқармасы басшысы



А. Жангозин